



Сайманов И., Якуб А.

**ҚАЗАҚТЫҢ САЗ ӨНЕРІ
АРҚЫЛЫ ЖАСТАРДЫҢ
ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТӘРБИЕСІН
ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ**

*В статье рассказывается о путях
повышения эстетического воспитания
студентов и учащихся через казахское
музыкальное искусство.*

*This article deals with the ways of the
increase of student's aesthetic education
through kazakh musical art.*

Қоғам мұратына сай жан-жақты жарасымды дамыған тұлға тәрбиелеуде барлық өнер түрлері үлкен маңызға ие екендігі белгілі. Әсіресе өнер түрлерінің ішінде өскелең жастардың эстетикалық дүниетанымын, соның негізінде мәдениетін қалыптастыруда және дамытуда, музыка өнерінің алатын орны ерекше. Оқу және тәрбие жүйесін жаңа сапаға көтеру, сол арқылы дәстүрлі көркем мәдениеттің барлық мүмкіндіктерін жаңа тәрбие жүйесіне қызмет етуге жұмылдыру – бүгінгі күннің ең басты мәселесі [2].

Бұл міндет, қазіргі түрлі педагогикалық жүйелердің табандасқан тартыс кезінде, Қазақстанның педагогикалық мектебіне дәстүрлі көркем мәдениеттен жекелеген элементтерді алу емес, керісінше оның негізгі өмір сүру принциптері мен механизмдерін пайдалану арқылы ұлттық педагогиканың өміршең жүйесін құруға тамаша мүмкіндік береді, әрбір ұлт өзінің қайталанбас ұлттық өмірі мен тарихын айна қатесіз бейнелейтін өзіндік өнер мен мәдениетін тудырып дамып отырады. Әрбір ұлттық мәдениет жүйелік тұтастықтағы қайталанбас тәсілдер арқылы өз ұлтының рухани өмірін бедерлейді [1].

Көшпелі қазақтың мәдениеті – бұл ең алдымен оның рухани дәстүрі. Бұл дәстүр әсіресе, ұлы дана перзенттерінің көркем шығарма-шылығында және этика-эстетикалық, философиялық көзқарастардың қайталанбас жүйесінде көрініс тапқан. Ондаған жылдар бойы қазақтың халық саз өнерінің этникалық ерекшелігі, рухани тұрмыс формалары, дүниетанымдық жүйесі және басқа көптеген қырлары тәрбие, оның ісінен аластатылып, аулақта ұсталған еді. Дәстүрлі көркем мәдениет пен халық саз өнері үлгілерін музыкалық-эстетикалық тәрбие құралдары ретінде пайдаланудың қиындығы – көптеген мәселелердің өнертанушылық деңгейде зерттелмегенінде. Бұл объективтік методологиялық қиындықтарды тудырды. Аталмыш проблеманы зерттеу мақсатында біз өткен заман ойшылдары - Әл-Фараби, Махмұт Қашқари, Жүсіп Баласағұн, Абай, Шоқан Уалиханов, Ыбырай Алтынсариннің ілімдеріне, Б.Ерзакович, А.Жұбанов, Б.Сарыбаев, Ә.Мұхамбетовалардың музыкалық зерттеулеріне, зерттеушілер Ә.Марғұлан, А.Ақышев, Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, Қ. Нұрланованың еңбектеріне, Б.Жарықбаевтың зерттеу еңбектеріне сүйендік [2]. Осы аталмыш еңбектер халықтың және профессионалдық қазақ музыкасының табиғатын жаңаша пайымдап түйсінуге зор мүмкіндік тудырды. Халықтың тарихын білмей бүгінгі тәрбие жүйесін қалыптастыру мүмкін емес. Мәдениет құбылыстарын зерттеуде тарихи негіздерді жете бағаламау өз кезегінде рухани өмірдің көптеген қырларын түсінбеуге әкеп соғады.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде жекелеген этногра-



фиялық элементтер күйінде өріштеу керек. Оқыту барысында көркемдік жүйені сол біртұтас жүйе күйінде танып – білуге тырысу керек. Ал бұл өз тарихымен тығыз бірлігін ажырмай түседі, жас ұрпақтың дүниетанымының ізгілік эстетикасының кемелденуіне бірден бір себеп болар еді. Халық өнерін күрделі түрде игеру қазіргі таңдағы ең мәнді мәселе [3].

Қазақтың дәстүрлі музыкалық мәдениеті жастар тәрбиесінің басты құралына айналуы тиіс. Олардың бойындағы сұлулық сезімді тек қана түсіндіру арқылы немесе өнердің жеке түрлеріне теңеу арқылы емес, халық өнеріндегі бейнеленген творчестволық ізденіс арқылы тәрбиелеуге болады [4].

Басты мақсат – халық өнерінің тілі арқылы оқушының бойында ізгілік қалыптастыру. Оқу бағдарламаларында үш пәннің – саз, әдебиет, көркемсурет – үшеуін де оқушыны өнер мен мәдениет дүниесіне теңеу барысындағы бір ғана құбылыстың үш қыры деген ойды мақсатты түрде орнықтырған дұрыс.

Музыкалық-эстетикалық білімінің күрделі жүйелілігіне, ажырамас тұтастығына негізделеді. Бұл тұрғыда, халық өнері мен мәдениетінің түрлі астарын танып-білу жолында, оқушылардың көздейтін оқытудың көркем шығармашылық формалары қолданылады [5].

Олар: музыкалық-эстетикалық болмыстың өмірмен, бүгінгі күнмен байланысы; оқушылардың интегративтік музыкалық-эстетикалық тәрбиесі, оларды табиғатында әлеуметтік мәнді және маңайды танып-білуге бағытталған көркем шығармашылыққа жұмылдыру арқылы іске асыру; оқушылардың музыка пәні сабағындағы ассоциативтік ойлау жүйесінің танымдық қасиеті мен эвристикалық әрекетінің мәнді бірлігі, халық өнері үлгілерін қабылдау кезіндегі әлеуметтік-ізгілік пайымдауларға бейімдеу.

Сонымен қатар: музыканың шегіне шығу арқылы эпос пен ертегіге, көркемсурет мен биге, табиғатқа бару, көркем әсерлер мен білімді кемелдендіру, оқушының сабақта өнермен астасудан алған тәжірибесін молайту; студенттер мен оқушыны музыка мен басқа да халық өнері түрлеріне ынтықтыру арқылы өмірге деген құштарлығын арттыру; оқушының көркем-бейнелік ойлау жүйесін қалыптастыру; оқушылардың өз бетімен творчестволық жұмысының нәтижелерін пайдалана отырып тәрбие-таным процесін жандандыру; өмірдегі тәжірибесінің негізінде оқушының өмірлік және көркемдік тәжірибесін кеңейту басты назарда болуы керек.

Оқушының көркем-шығармашылық ой-жүйесін, эстетикасын қалыптастыруға негіз болатын өзіндік, кеңістік сол кезде пайда болмақ. Оқу-ағарту жүйесіндегі музыкалық-эстетикалық тәрбиенің сапасы көптеген факторларға тәуелді, алайда ең басты, шешуші шарт – музыкант-педагогтың жеке тұлғасы, оның кәсіби өресі [6]. Бұл мәселенің мәнділігі, әсіресе бүгін, мектеп пен жоғары оқу орнындағы музыкалық-педагогикалық процестің негізгі методологиялық іргетасы тұлғалық-шығармашылық қатынас деп танылғанынан анықталып отыр. Біздің музыкалық-эстетикалық бағдарламамызды іске асырудың негізгі жолдарының бірі музыка маманын қазақ халқының дәстүрлі көркем мәдениетін негіз еткен музыкалық-педагогикалық білігінің басты сипаты етіп, оны методологиялық және модикалық үлкен дайындықтан өткізу.

Мектеп бағдарламасында эстетикалық тәрбиені музыка сабағында кең көлемде пайдалана отырып жүргізу. Музыка сабағының тақырыбы жан-жақты. Ол Отан қорғау, табиғатты аялау, ананы сүю, әкені қадірлеу, жаманнан безініп, жақсылық жасау сияқты ізгілік қасиеттерге баулып, эстетикалық тәрбие береді.

Әдебиеттер:

1. Бердібаев Р. Мұраның мәні. Кәусәр бұлақ (мақалалар мен зерттеулер). - Алматы, Жазушы, 1989 127-129 беттер.
2. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. - Алматы, 1966, 314-315 беттер.
4. Аль-Фараби. Естественнo-научные трактаты. – Алма-Ата: Наука, 1987. – 496 с.
5. Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы: Қазақ ССР-нің “Ғылым” баспасы, 1981. – 308 б.
6. Исмаилов Е. Ақындар. – Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1956. – 342 б.